

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бір және екі амалмен орындалатын есептер

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.03.2021

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/92343/>

Тлеужарова Айгерим Ерболатовна

Бөлім:	Өзім туралы. Екі таңбалы сандар	
Мұғалімнің аты-жөні	Тлеужарова Айгерим Ерболатовна	
Күні:		
Сынып: 2	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Бір және екі амалмен орындалатын есептер	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.2.7.Мынадай жағдайларда: $45 \pm 9, 45 \pm 19; 26 + 14, 40 - 14, 65 + 35, 100 - 35$ ондықтан аттап, ауызша қосу мен азайтуды орындау	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: 100 көлеміндегі сандарды ондықтан аттап ауызша қосу мен азайтуды орындай алады, есепті бір-екі амалмен моделдей алады.</p> <p>Көптеген оқушылар: 100 көлеміндегі сандарды ондықтан аттап ауызша қосу мен азайтуға мысалдар келтіреді.</p> <p>Кейбір оқушылар: жылдам есептеулер жүргізе алады.</p>	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығуларын жасау арқылы жүреді.</p> <p>Оқу материалын жариялау: «Ауызша жаттығу» әдісі арқылы жүреді.</p> <p>-72 мен 5-тің қосындысын ата.</p> <p>-32 бірлік пен 2 бірліктің айырмасы нешеге тең?</p> <p>-84 бен 7-нің қосындысын тап.</p> <p>-36 мен 5-тің қосындысын тап.</p> <p>-45 пен 3-тің айырмасы болатын санды ата. Тсс</p> <p>-37 мен 7-нің айырмасы болатын санды ата. Тсс</p> <p>— Бүгінгі сабағымыздың мақсаты не болады деп ойлайсыңдар?</p>	<p>Ширату жаттығуларын жасайды.</p> <p>Сандардың қосындысын, айырмасын ауызша табады.</p>		

Сабақтың ортасы 15 мин	<p>(Д) 1- тапсырма «Орындап көр» әдісі арқылы жүзеге асады. Балалар демалыста ауылға барып өнім жинауға көмектесті. Себеттердің массасын анықта. Есептер құрастыр. А) Қияр-9кг-3кг Қызанақ -10кг-4кг ?кг Ш: 1) 9кг-3кг=6кг 2) 10кг-4кг=6кг 3) 6кг+6кг=12кг Ж: Балалар барлығы 12 кг өнім жинады ә) Алма-6кг+2кг Алмұрт -8кг+2кг ?кг Ш: 1) 6кг+2кг=8кг 2) 8кг+2кг=10кг 3) 8кг+10кг=18кг Ж: Балалар барлығы 18 кг өнім жинады Дескриптор: — Бірнеше амалмен шығатын есептер құрастырып, шығарады. Саралау тәсілі: «Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады Қарқыны жоғары оқушыға: — 100 көлеміндегі сандарды ондықтан аттап ауызша қосу мен азайтуға мысалдар келтір. Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі.</p>	<p>Есептер құрастырып, шығарады. Балалар 9кг қияр жинауға тиіс еді, одан 3кг аз жинады. Ал қызанақтан 10кг жинауға тиіс болып, бірақ 4кг аз жинады. Балалар барлығы неше кг өнім жинады? Ә) Балалар 8кг алма жинауға тиіс еді, одан 2кг артық жинады. Ал алмұрттан 8кг жинауға тиіс болып, бірақ 2кг артық жинады. Балалар барлығы неше кг өнім жинады?</p>	<p>ҚБ: 1-10 балдық жүйе.</p>	<p>Оқулық, дәптер қалам</p>
2 мин	<p>Сергіту сәті «Көңілді күн» әуенімен жаттығу жасайды.</p>	<p>Сергіту жаттығуын жасайды.</p>		
13 мин	<p>(Д) 2- тапсырма «Есептеп көр» әдісі арқылы жүзеге асады. А) Есепті шығар: Алма-8 с. Алмұрт-?, 3-еуі кем ? с. Дескриптор: — Есептің шешуін, жауабын шығарады. — Есептеуді түсіндіріп, әр мысалдың дұрыстығын тексереді. Саралау тәсілі: «Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады Қарқыны жоғары оқушыға: — 5-тапсырманы уақытқа есепте. 5+6=11 18-9=9 3+9=12 4+8=12 15-7=8 7+7=14 9+7=16 13-7=6 9+9=18 27-7=20 32-5=27 39+4=43 Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі.</p>	<p>Есептің шешуін, жауабын шығарады. Ш: 8+(8-3)=13 (себет) Ж: барлығы 13 себет жеміс.</p>	<p>ҚБ: 1-10 балдық жүйе.</p>	<p>Оқулық</p>
Сабақтың соңы 5 мин	<p>Кері байланыс: «Жетістік баспалдағы» әдісі бойынша өтеді.</p>			

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.